



САРЫЛАРҚА

7 қаңтар, бейсенбі
2010 жыл

САМАЛЫ



№ 1
(14489)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

« МЕКТЕПКЕ БАРҒАНДА ӨЗІМДІ ӘЛІ ДЕ ОҚУШЫ СЕКІЛДІ СЕЗІНЕМІН »



Жаңа жыл қарсаңында Тәуелсіздік мерекесіне орай мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі өнегелі еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан мұсылман әйелдері лигасы» қоғамдық бірлестігі Павлодар облыстық филиалының төрайымы Қожахметова Зара Қабдышқызы «Парасат» орденімен марапатталды. Осыған орай Зара Қабдышқызына арнайы жолығып, әңгімелескен едік.

да, спорт жарыстарында да алда жүрдім.

Институтты бітірерде түлектерді қайда баратындарын айтып, әр облысқа бөлді. Ал маған аспирантурада оқуа жолдама берді. Анаммен ақылдастым. «Бара ғой, құлыным, оқы» деді. Сол кезде Кронштадтта әскери міндетін өтеп жүрген ағам Еркін үйленіп, әскери қызметте қалатын болыпты.

Әкем соғыстан оралмады. Шешем жиырма жеті жасында үш баламен жесір қалды. Анам әке орнына әке, шеше орнына шеше болып, бәрімізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жеткізді. Апайым он сегіз жасында тұрмысқа шығып кетті. Ағам Еркін Ленинград жақтан оралмай, әскери қызметке байланды. Мен оқу қуып кетпекпін. Үйде анам әжем екеуі ғана қалды.

Міне, осы кезде анам «Қызым, барма аспирантураға. Қайт» деп Павлодарға шақырды. Мәпелеп өсірген, барын салып оқытқан анамды тастап қайда барам? Қыздар институтының директоры Сармурзинаға барып, аспирантураға бара алмайтынымды айтып едім «Сені үздік оқыды, екі тілді жетік біледі, қоғамдық жұмысқа белсене қатысады деп өткіздік айналайын, көп сөзді қой, барасың» деді.

Әжем «қызым оқуда қиындық көрсен Алматыда Айманов Айдархан (Шәкен Аймановтың немере ағасы) деген ағаң бар. Соған барсаң көмектеседі» дейтін. Сол есіме түсіп, амалсыздан сол ағаны іздеп бардым. Министрдің орынбасары екен. Кабинетінің алдында күтіп отырмын. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз «қазір жиналысы бар, сізді қабылдай алмайды, күтпеніз» деді. Сонда да кетпей отырмын. Сағат түскі екіде келді. Тапал бойлы,

ғой. Ризамын мектебіме.

1991 жылы мұсылман әйелдері қоғамының конференциясы болды. Соған делегат болып қатыстым. Осында көпшілік мені мұсылман әйелдері қоғамының төрайымы етіп сайлады. Шынын айтсам, қатты толғандым. Тың қызмет оңай емес екенін білдім. Бірақ, қиындықтан қорқып, ел сенім білдірген жауапкершіліктен тартыну маған тән қасиет емес болатын. Нар тәуекел деп тың іске бел буып кірістім.

Жұмысымызды құрбан айтында қарттар үйіндегі панасыз қарияларға ас беруден бастадық. Қарттар үйінің директоры болған марқұм Бақыт сіңліме «Айналайын, қарияларымыздың бәрін де моншаға түсіріп, таза киіндіріп, автобуспен «Бижан» мешітіне алып кел» дедім. Сөйтіп, «Бижан» мешітінің алаңында лиганың апалары шелпек, бауырсақ пісіріп, ет асып, ақ дастарқан жайып, қарияларға үлкен құрмет көрсетті, оларды ыстық мейірімдерімен маз етіп, көңілдерін көтерді. Осылайша, жарым көңіл қарттарымызға қуаныш сыйлап, баталарын алдық.

Біз осы қоғамға келгелі, сәбилер үйінде, қарттар үйінде қайырымдылық шараларын, Черноярқадағы жетім балалар үйінде сүндет тойларын өткіздік, екінші Павлодардағы бас бостандығынан айырылған қыздар мекемесінде тәрбие сағаттарын, наурыз мейрамын ұйымдастырдық. Мулиция мектебі басшыларының шақыруымен курсанттармен патриоттық тәрбие, имандылық, адамгершілік сабақтарын жүргіздік. Айып жазаларын өтеу мекемелерінде болып, бас бостандығынан айырылғандармен әңгімелестік. Құрбан айтта ірі қара мал сойып, ас ұйымдастырдық.

дарыту, жастарымызға патриоттық тәрбие беру, еліне, жеріне, мемлекетіне деген махаббатын орнықтыру, халықтар достығын нығайту секілді мәселелер қамтылған.

Қоғамда 35-40 шақты әжелеріміз бар. Әжелерден «Аруана» ансамблі құрдық. Жастарымызға өнеге болсын деп енді «Жеңеше» би тобын құрдық. Әжелеріміздің алды 80 жастан асты. Соңы 60 жасқа таяды. Біз арақ-шарапқа жоламаймыз, артық сөз сөйлемейміз, өрескел мінез көрсетпейміз. Осылай жақсылық жақтарымызбен жастарымызға үлгі болайық, өнеге көрсетейік деп бас қостық. Қазіргі уақытта лигаға келіп жүрген апалардың балалары бізді ерекше сыйлайды. Біздің істеген істерімізді апаларымыздың ұлдары, қыздары, келіндері, немерелері қолдайды. Біз концерт қойсақ апаларымыздың бүкіл ұрпақтары жиналады.

Апаларға Астананы көрсете алмай жүр едік, қала әкімі Б.Жоламановтың қамқорлығымен лиганың жиырма апасы Астананы аралап, Пирамиданы, Бәйтеректі, Президент музейін, мешітті, көптеген көрікті жерлерін көріп қайтты.

Ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен халықты бір тудың астына біріктіріп, кең байтақ жерді иеленіп, ұрпағына мұра етіп қалдырды. Қазіргі жастарымыз сол жерге ие болуы керек. Жердің иесі де, киесі де қазақ халқы. Қазақтардың мейірімділігінің, бауырмалдығының арқасында Қазақстандағы барлық халықтар бақытты тұрмыс көріп отыр. Ассамблеяда біздің ұлт халықтардың өзегі сияқты ұйытқысы болып отыр. Қандай ұлттың мерекесі болса да, неміс, поляк, еврей, т.б. соның бәріне қатысамыз. Өйткені біз бүкіл достықтың, туыстықтың негізіміз. Біздің жақсылықтарымызды өзге ұлт өкілдері де жақсылықпен қайтарады. Біздің жерімізге келіп қоныс тепкен ұлт өкілдерінің бәрі де қазақ халқына рахметін айтады. Қазір олардың

Әкем Қарағандыда сот болып қызмет істеп жүргенде өзін тұтқындау жөніндегі үкімді естіп, Славгород жаққа кетіп, бой тасалайды. Одан кейін анам Бәтіманың төркін жұртында - Көкшетауда біраз тұрып, қуғын-сүргін саябырлаған кезде Керекуге қайтып оралады. Сол кезде ағам дүниеге келеді. Қуғыннан арылып, еркіндікке де жетерміз деген үмітпен оның атын Еркін деп қояды.

Керекуде әкем облыстық сотта қызмет істейді. 1940 жылы мен дүниеге келер алдында әкем Қабдыш жазықсыз жаладан ақталу үшін Мәскеуге барады. Бір айдай қонақ үйінде жатып ақталу қағазын күтеді. Ол өзі секілді ақталу үшін келген орыс жігітімен бірге болады.

Мен туғаннан кейін Мәскеудегі қонақүйге жеделхат жібереді ғой. Әкем сол күні ақталу қағазын алуға кеткен екен. Бірге жатқан орыс жігіті жеделхатты алып әкемді асыға күтеді. Бір кезде әкем «Мен азат қазақпын» деп қуанып келеді. Сонда орыс жігіті «Сен азат қазақ болсаң, дүниеге арайлы таң болып қызың келді» деп сүйінші сурайды. «Сүйіншің не аласың» дейді әкем. «Сүйіншің сол болсын, қызыңның атын мен қояйын» дейді ол. Әкем келіседі. «Сенің өмірің қайта арайлы таң боп атты. Қызыңның атын «Заря» деп қой» дейді орыс жігіті. Әкем дереу үйге «мен келмей қызымның атын қоймандар» деп жеделхат жібереді. Осылайша мен «Заря» атанған екенмін.

Жасымнан өте ширақ болдым. Кішкентайымнан-ақ мектепке баруға асықтым. Бірақ жасым толмай мені мектепке алмады. 1947 жылы Абай атындағы №10 қазақ орта мектебінің табалдырығын аттап, бірінші сыныпқа бардым. Бірінші сынып оқушылары қазіргі мәңгілік алау тұрған баққа барып, ағаш отырғыздық. Сол ағаш бұл күнде тамырын тереңге бойлаған, жапырағын кеңге жайған бәйтерекке айналды.

Мен мектепте үздік оқушы болдым. Ән салу, би билеу, тақпақ айтудан алдыма жан салмадым. Ұстаздарымды өте жақсы көріп және сабақтарына мұқият дайындалатынымын. Қоғамдық жұмыста да ерекше көзге түстім. №10 қазақ орта мектебі менің алтын бесігім, қанаттандырған қасиетті ұям болды.

Мектепті бітірісімен облыстық оқу бөлімінің бастығы Айбасов «Әкең соғыста қаза тапты. Конкурс болса, жетім бала ретінде сен түссің» деп Алматыдағы қыздар мемлекеттік институтына жолдама берді. Сол жолдамамен институтқа түсіп, бес жыл оқыдым. Мұнда да әннен, биден, спорттан қалғам жоқ. Спорттық гимнастикаға қатыстым. Ән, би конкурстарында

қасқас бас, толықша келген кісі екен. Мен де ілесе бірге кірдім. «Қайда барасың» деді. «Мен сізге келдім» дедім. «Қазір уақытым жоқ, жиналысқа барамын» деді. «Сіз маған уақыт табасыз» дедім. Сосын айттым «Сіз мені білмейсіз, мен сізді білемін». «Қайдан білесің» деді. Өткір адам екен, қабағын түйгенде жүзіне тура қарай алмайды. «Сіз Қожахметов Қабдышты, Бәтіманы білесіз бе? Соғысқа дейін бала кездеріңізде әкеммен екеуің атпен шауып жарысып келе жатқанда шалшыққа құлап, Қабдышпен бір апта қатыспай қойыпсыз ғой, мен құлағанда Қабақ неге құламады деп» дегенімде, «аһ» деді сол кезде. «Сен Қабдыштың қызысың ба?» деді. Содан әжемді. Анамды сурады. Неге келгенімді білген соң «Е, аспирантураға жолдама беруге талас болғанда жетім қыз, оқуға ынталы, белсенді деп шулап еді. Сен сол екенсің ғой. Аспирантураға бар, айналайын. Оған әркімнің қолы жете бермейді. Анана қаладан бір пәтерлі үй епөртеің. Анаң алаңдама» деді. «Жоқ, анам қалай айтты, мен солай істеймін. Анамның арқасында өстім, жетілдім, оқыдым. Ол жалғыз қалғанда тастап кете алмаймын» дедім. Ол кісі ашуланып: «Неменеге тұрсың, қайта бермейсің бе?» деді. Айтарым бар дедім: «Қалада Абай атындағы мектеп бар, сонда еңбек еткім келеді. Соған жолдама беріңіз» дедім. Қолма-қол облыстық оқу бөлімінің бастығы Айбасовқа телефон шалып, мені Абай атындағы №10 қазақ мектебіне орналастыруды тапсырды. Осылайша институтты бітірісімен өзім он жыл оқып білім алған мектебіме мұғалім болып қызметке кірістім. Содан табан аудармастан отыз жыл алтын ұямда ұстаз болдым. Қабылдин, Төлегенов, Өтегенов, Мақажанов секілді ағалардың ақыл-кеңесін естіп, ғибрат алып, айтқандарын екі етпей, қайда жұмаса сонда барып, тапсырмаларын жауапкершілікпен орындап, елгезектігіммен, еңбексүйгіштігіммен, ізденгіштігіммен белделе ие болдым. Комиссия келсе, менің сыныбыма жібереді. Оқушыларым сабаққа әрқашан дайындалып келеді. Комиссиядан қысылмайды, білетіндерін саңқылдатып айтып береді.

Мектебім де адал еңбегімді бағалады. Облыстық деңгейдегі мақтау грамоталарынан, марапаттардан құр алақан қалған емеспін. «Білім беру үздігі» атандым. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» атамына да ұсынды. Облыстан ұсынылған екі адамнан бұл атақты ұзақ жылдан №3 қазақ мектеп-интернатының директоры болған Мақаш Жылқыбаев алды. Оған мен ренжігемін жоқ, жол сонық деп құандым. Мәселе атақты алғанда емес, соған лайық деп мектебімнің ұсынғанында

«Алла жақсылыққа жоддасын, жамандықтан қорғасын» деп ақ батамызды бердік. Біз темір тордың ар жағындағы бас бостандығынан айырылғандардың ішінде жүректеріне иман ұялаған, Аллаға деген сенімі бекем адамдарды да көрдік. Жазаларын өтеу мекемелерінің басшылары «Апай, сіздердің сөздеріңіз мұндағы бас бостандығынан айырылғандардың сана-сезіміңізге әсер етіп, имандылыққа бет бұрғызды» дейді. Міне, біз құр өлең айтып, би билеп жүрген жоқпыз, осы секілді тәрбиелік жұмыстарды да атқарып келеміз.

Потанин атындағы өлкетану, Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейлерінде, Майраның үйінде қаншама тәрбиелік мәні зор кездесулер, көштер өткіздік. Мектептерде наурыз тойларын ұйымдастырып, халқымыздың салт-дәстүрін көрсетіп, ұлттық тағамдарымызды насихаттап, әннен шашу шашып, аталы сөздерімізді айтып, баталарымызды бердік.

Наурыз мерекесінде Тоқтар Әубәкіров сахнаға ақбоз атпен шықты. Сонда ақ күмістен шашу шаштым. Облыстың, қаланың басшыларына ерекше ризамын. Мені тойлардан, айтулы кездесулерден қалдырып келген емес. Абайдың 150 жылдық тойына да, Түркістанның 200 жылдығына да аларды. Дүниежүзі қазақтарының үш құрылтайына да қатыстым. Облысымызға Президентіміз бірінші рет келгенде бірінші болып сөйледім. Сонда Президентіміз Баянауылдың «Беу, жігіттер» ансамбліне қосылып, жігіттермен бірге «Ақ сиса» әнін айтты. Президентпен талай жиналыстарда бірге болдым. Достық үйі ашылғанда да Президент алдына сөз сөйлеу құрметіне ие болдым.

Пекінде өткен бүкіләлем әйелдерінің съезіне, Алматыда өткен әйелдердің үшінші съезіне, Ақмолада өткен әйелдердің төртінші съезіне қатыстым. Осы қоғамға келгені бірталай жақсылық көрдім. Қоғам мені көтерді. Мен қоғамды ұстап қалдым. Қоғамдағы апалармен достық жылы қарым-қатынасымыздың, бір-бірімізге деген сыйластық пен қимастықтың, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ынтымақпен жұмыс істеудің нәтижесінде құрметке жеттік. Қазір республика бойынша үлгі алатын, бізге өнеге көрсететін мұсылман әйелдер қоғамы жоқ деуге де болады. Көпшілігі дұрыс бағыт ұстай алмады. Біздің мұсылман әйелдер қоғамы ғана республика бойынша Қазақстан халқы ассамблеясына мүше болып отыр. Өйткені біздің жарғамызда қазақ тілін дамытып, мемлекеттік тілге жеткізу, ұлттық әдет-ғұрпымызды сақтау, ата-бабадан мұра болып қалған киелі қасиеттерімізді ұрпақ бойына

ұрпақтары бізбен бірге бірге мықты мемлекет құрып жатыр.

Таяуда Достық үйінде езге ұлт екілері арасында қазақ тілінде тақпақтар айту байқауы, қазік тілінде ән байқауы болып өтті. Мемлекеттік тілде келістіріп тақпақ та айтты, өн де шырқады. Бұл қазақ тіліне деген құрметтің, болашағы Қазақстанмен байланысты екенін түсінгендіктің белгісі. Қазақстан тек қазақтардың ғана емес, онда тұратын барлық ұлт өкілдерінің де мекені. Отаны. Біз атамекеніміз, Отанымыз бәрімізге жайлы болып, ұрпақтарымыз қызығын көрсе екен деген тілекпен жүрміз.

Мен қоғамды ұстап тұрған апаларға ризамын. Мені «Парасат» орденімен марапаттады. Бұл аналарға берген құрмет деймін. Мұндай атаққа жетуім мұсылман әйелдері қоғамындағы апалардың арқасы деп білемін. Біз өз ізбасарларымызды да ұмытқамыз жоқ. «Наз ерке» жастар би тобын құрдық. Олар біздің ісімізді одан әрі жалғастыратын болады. №22 орта мектепте және С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университетте ассамблеяның филиалдары құрылды. Енді солар ісімізді жалғастырып әкетеді. Жолымызды жалғастыраар жастарымыз бар, соған қуанамыз - дейді Запа апай.

Отағасы Қажыкен Қайдаровпен Абай атындағы №10 қазақ орта мектебін бірге бітірдік. Мектепте де, жоғары оқу орындарында да бір тілекпен, бір жүрекпен болдық. Ол Новосибирск университетінің түлегі, ғылым кандидаты. Қазір ИНЕУ-дің вице-президенті. Үш баламыз бар. Қызым Роза - сәулеткер. Ұлым Асқар әкесінің жолын қуып, ғылым жолында жүр. Таяуда кандидаттығын қорғады. Келінім Жанар ИНЕУ-де атасымен бірге қызмет істейді. Мұрат ИНЕУ-де проректор. Келінім Ләззат - ғылым кандидаты. Үлкен немерем Арман екінші жоғары білім алды. Рүстем Еуразия университетінде оқиды. Мәлікем Әділ 11 сыныпта, Айжан 9 сыныпта, Мәлике 5 сыныпта, Әмір 1 сыныпта Абай атындағы лицейде оқиды.

Абай атындағы мектеп - өзімің оқыған алтын бесігім, ұстаз болып жалғастырған ұям. Сондықтан маған өте ыстық. Қазір бүкіл немерелерім осы мектепте оқып жатыр. Мектепке барғанда өзімді әлі де оқушы секілді сезінемін,- дейді Қожахметова Зара апай.

Әңгімелескен
Бақыт БАЙМУРАТОВ
Суретті түсірген Т.НҮРҒАЗЫ.